

«ТІРІ БІЛІМ: ОҚЫТУ ҮДЕРІСІН ЛИНГВОДИДАКТИКАЛЫҚ ЖӘНЕ ӘДІСТЕМЕЛІК-ПРАГМАТИКАЛЫҚ ЖЕТІЛДІРУДІҢ ЗАМАНАУИ МҮМКІНДІКТЕРІ

Камар АЛДАШЕВА*

Айболат НАБИДУЛЛИН****

Түйіндеме: Жаңа мыңжылдықтар тоғысындағы білім берудің дамуы жаңа кезеңге аяқ басты. Адамзат өркениетіндегі білім жүйесінің эволюциялық дамуына көз жүгіртсек, қазіргі таңда білім теориялық деңгейден практикалық, қолданбалы сипатқа өтіп, оқытуды тұлғаға бағдарлау басымдыққа ие болып отыр. Дәл осындай кезеңде өткен ғасырдың басында Ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлы ұсынған «Тірі білім» ілімі ерекше мәнге ие бола бастады. Өйткені Ахмет Байтұрсынұлы іліміндегі «Тірі білімнің» «Пайдалы білімге» ұласуы, ондағы «әдіс білім» мен «мәніс білімнің» қызметі білім мазмұнының өміршендігіне, адам өмірінің сапасын арттырудағы білімнің үлесіне қойылып отырған қазіргі білім беру парадигмасының талаптарымен үйлеседі. Осымен байланысты, «Тірі білім» ілімі тұтастай оқыту үдерісін лингводидактикалық және әдістемелік-прагматикалық тұрғыдан жетілдірудің заманауи мүмкіндіктерін талдаудың өзіндік үлгісін ұсынады.

Мақалада Ұлт ұстазды Ахмет Байтұрсынұлының «Тірі білім» ілімінің қазіргі оқыту үдерісін әдістемелік-прагматикалық және лингводидактикалық бағыттарын жетілдірудің мүмкіндіктері талданады. Сонымен қатар Ахмет Байтұрсынұлының аталған тұжырымдамалық теорияларын жүйелі талдай отырып, қазіргі оқыту үдерісін жетілдірудің тиімді жолдары қарастырылады, «Тірі білім» ұғымының лингводидактикадағы мәні әдістемелік-практикалық аспектіде ашылып, оқытудың практикалық бағыттылығын күшейтудің жолдары сөз болады.

Түйін сөздер: «Тірі білім», Ахмет Байтұрсынұлы, лингводидактика, білім беру реформасы, әдістемелік прагматика, «әдіс білім», «мәніс білім», «пайдалы білім».

“Living Knowledge”: Modern Opportunities for Enhancing the Educational Process in Linguodidactic and Methodological-Pragmatic Aspects

Abstract: At the turn of the new millennia, the development of education has entered a new phase. Observing the evolutionary progress of the education system in human civilization, it becomes clear that today education has shifted from a purely theoretical level to a practical and applied orientation, with a focus on learner-centered approaches becoming predominant. In this context, the doctrine of “Living Knowledge” proposed by the National Teacher Akhmet Baitursynuly at the beginning of the last century has gained special significance. This is because the transition of “Living Knowledge” into “Useful Knowledge” in Baitursynuly’s doctrine, and the functional interrelation between “Method Knowledge” and “Meaning Knowledge”, align closely with the current educational paradigm’s emphasis on the applicability of knowledge and its contribution to improving the quality of human life. In connection with this, the concept of “Living Knowledge” offers a distinctive model for analyzing the modern opportunities for enhancing the educational process from both linguodidactic and methodological-pragmatic perspectives.

This article analyzes the opportunities for improving the current educational process through the methodological-pragmatic and linguodidactic aspects of Akhmet Baitursynuly’s “Living Knowledge” theory. Additionally, by systematically examining Baitursynuly’s conceptual frameworks, the paper explores effective ways to enhance the educational process today, highlights the significance of the “Living Knowledge” concept in linguodidactics, and discusses ways to strengthen the practical orientation of teaching.

Key Words: “Living Knowledge”, Akhmet Baitursynuly, linguodidactics, educational reform, methodological pragmatics, “method knowledge”, “meaning knowledge”, “useful knowledge”.

Кіріспе

Білім беру – заман талабына және адамзат өркениетінің даму сатысына сай үздіксіз дамып, жаңарып отыратын динамикалық әрі эволюциялық жүйе. Ақпараттар ағынының қарқыны күшейген тұста білімнің теориялық тұрғыдан жинақталуы емес, шынайы өмірлік жағдаяттарда қолданысқа жарамды болған «тірі білімнің» әрі

* PhD, қауымдастырылған профессор, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Қазақстан-Британ техникалық университеті, Алматы, Қазақстан, kama_kz89@mail.ru

**** PhD докторант, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан, aibosha@mail.ru

«пайдалы білімнің» құндылығы артты. Осы тұрғыдан өткен ғасырдың басында қазақ білімінің және тіл ғылымының негізін салған ұлы ағартушы, реформатор, ұлттың ұстазы болған Ахмет Байтұрсынұлының «Тірі білім», «Пайдалы білім», «Мәніс білім», «Әдіс білім» туралы ғылыми тұжырымдары қазіргі білім берудің теориясы мен тәжірибесін жетілдіруде ерекше өзектілікке ие.

Ахмет Байтұрсынұлының ғылыми-педагогикалық тұжырымдары – қазақ тіл білімінің аясында ғана, тұтастай ұлтты білім беру жүйесін дамытуда бетбұрыс жасаған іргелі ілімдер жүйесі. Ғалымның ғылыми-педагогикалық мұрасы – қазақтың білім беру тарихында емес, жалпы әлемдік білім беру теориясында да өз орны бар құндылық.

Ғалымның «Тірі білім», «Пайдалы білім», «Әдіс білім», «Мәніс білім» деп аталатын тұжырымдамалық теориялары өзі өмір сүрген кезеңдегі білім берудің мазмұнына, оқытудың әдістеріне жаңа сипат берумен қатар, бүгінгі білім берудің жаңа парадигмалық талаптарына да толық сай келетін тұғырнамалық негізді қалыптастырды.

Бүгінгі білім берудің негізгі ұстанымы – білімнің өмірмен байланысына басымдық беру, оқытудың практикалық бағыттылығы, оқытудың әрекеттік сипаты, білім алушының пассив қабылдаушы емес, белсенді субъектіге айналуы. Шын мәнінде, білім беру үдерісіндегі осындай үрдістің бастауында Ахмет Байтұрсынұлының «Тірі білім» концепциясы тұр.

Ахмет Байтұрсынұлы білім беру ісінде мазмұнның өміршендігін, білім мен әрекеттің тығыз байланысын басты қағида ретінде ұсынды. Оның пайымдауынша, білім адамның өміріне қызмет ету керек, пайда әкелуі тиіс әрі білім игеру жолында тиімді әдісті қолдану сол білімнің мәнін толық ашады. Осындай көзқарастар жиынтығын қазіргі заманғы лингводидактиканың, әдістемелік прагматиканың және практикалық бағыттағы оқыту технологияларының бастауы деп бағалауға болады.

Ахмет Байтұрсынұлы білім берудің мақсаты халықтың сана-сезімін оятуға, ұлттық рухты көтеруге, жеке тұлғаның өмірлік қабілеттерін дамытуға бағытталуы тиіс деп көрсетеді. Ағартушының «Тірі білім» туралы ойы оқу үдерісін өмірмен байланыстырып, білімді шынайы жағдаяттарда қолдануға бағыттау қажет дегенмен үндеседі.

Білім беру мазмұнын жаңғырту, оқытудың лингводидактикалық және әдістемелік-прагматикалық аспектілерін дамыту бойынша Ахмет Байтұрсынұлының ұсынған білім типологиясы ерекше мәнге ие. Ғалым білімнің төрт концепциясын ұсынады және білімнің мәнін осы төрт категорияның аясында түсіндіреді:

- «Тірі білім» – өмірде қолданылатын, әрекетпен байланысқан білім;
- «Пайдалы білім» – қоғам мен адам үшін нақты пайда әкелетін білім;
- «Әдіс білім» – білімді тиімді, саналы түрде меңгертуге бағытталған әдістер жүйесі;
- «Мәніс білім» – білімнің ішкі мағынасын, мәнін ұғыну.

«Тірі білім» – ақпараттық-теориялық мазмұнды игеру емес, оны нақты өмірдік жағдаяттарда қолданылатын білімдер жүйесі. Байтұрсынұлының тұжырымына сәйкес, білім алушы үшін білім – тек теориялық деректерді білу емес, сол білімді өмірлік іс-әрекетте саналы түрде қолдану. Демек, тірі білімнің басты шарты – әрекетшілдік, пайдалы нәтижеге және әлеуметтік маңыздылыққы қол жеткізу.

Ахмет Байтұрсынұлы «тірі білімді» формалды білімге қарсы қояды. Ол жаттанды білімді, тек қағаз жүзіндегі мәліметтерді «өлі білім» деп сынға алады және шынайы білім адамның өміріне жан бітіріп, оның іс-әрекетіне, дүниетанымына өзгеріс енгізуі керек дейді.

«Тіл-құралда» А. Байтұрсынұлы білімнің қолданысын көздейді, әрбір оқушы алған білімін өмірде пайдалана алуын мақсат етеді, осылайша оқулықтарды әзірлеуде

ғалым теориялық мәліметтерді берумен қатар оны қолданудың жолдарын да көрсетеді. Оның бұл әдістемелік қадамы – «Тірі білімнің» шынайы көрінісі.

Тірі білім – оқушының сана-сезімін, іс-әрекетін өзгертуге қабілетті білім. Байтұрсынұлы білімнің тірі болуын талап ете отырып, білімнің адам өміріне тікелей ықпал етуі қажет екенін алға тартты. Тірі білім оқушының тәжірибесіне негізделеді және алған білімнің өмірде қолданылуымен өлшенеді. Тірі білім – оқытудағы прагматикалық қағидаттың көрінісі. Оқу мазмұны жаттанды теория емес, практикалық дағдыларды дамытуға бағытталуы тиіс.

Қазіргі таңда жалпы білім беру жүйесінде оқушының білім деңгейін академиялық дәрежеге көтеру, тұлғалық дамыту және құндылықтық тәрбие беру мәселелері өте тығыз байланыстырылады. Елімізде соңғы он жыл көлемінде қазақстандық оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттыру мемлекеттік деңгейде қолға алынып, заңнамалық құжаттарда баса назар аударыла бастады. Бұл – Ахмет Байтұрсынұлы ұсынған «тірі білім» теориясының ұстанымдарын заманауи білім беру жүйесінде іске асыруға деген талпыныстардың нәтижесі.

Ахмет Байтұрсынұлы «тірі білім» ұғымымен қатар «пайдалы білім» ұғымын да қарастырған. «Пайдалы білім» – адамның өмірлік қажеттіліктерімен қатар қоғамның дамуына нақты үлес қоса алатын білім. Байтұрсынұлы «пайдалы білімді» шынайы өмірмен байланысқан білім ретінде қарастыра отырып, білім тек жеке адамның зияткерлік деңгейін көтеріп қана қоймай, оның әлеуметтік белсенділігін арттыруы тиіс дейді. Бұл түсінік бүгінгі білім жүйесінде құзыреттілік тәсілдер арқылы жүзеге асырылуда. Мәселен, студент алған білімді кәсіби қызметте қолдануға, жаңа жағдайларға бейімделе отырып, өз іс-әрекетін жоспарлауға және жүзеге асыруға қабілетті болуы керек. Байтұрсынұлының көзқарасы бойынша, «пайда білім» жеке тұлғаның қоғам үшін қызмет ететін белсенді мүшеге айналдыруға бағытталады.

«Әдіс білім» – білім беру барысында қолданылатын тәсілдер мен жолдарды, яғни білімді игерудің мүмкіндіктерін меңгерту. Ахмет Байтұрсынұлы «әдіс білімнің» мынадай маңызды сипаттарын атап өтеді: білім мазмұны қаншалық құнды болғанымен, оны игерудің әдісі дұрыс болмаса, күткен нәтижеге қол жеткізу мүмкін емес, яғни оқытудың нәтижелілігі әдісті дұрыс тандауға тікелей байланысты. Әдіссіз білім беру құрғақ ақпарат таратумен тең. Әдістің білім мазмұнына сәйкестігі, білім алушының даму деңгейіне лайықтығы, оның қызығушылығы мен белсенділігін арттыруы маңызды шарттар ретінде алға қойылады. Сондықтан «әдіс білім» – білімнің «тірі» болуының, әрекетпен ұштасуының алғышарты. Бұл идея бүгінгі оқыту әдістемесінде белсенді оқыту стратегияларының (интербелсенді әдістер, топтық жұмыстар, жобалау әдісі) қолданысымен үйлесім табады.

«Мәніс білім» – білімнің ішкі құрылымын, мағынасын терең ұғынып, оны жүйелі түрде меңгеру үдерісі. Бұл тұрғыда Ахмет Байтұрсынұлы білімнің тек сыртқы қабатымен шектелмей, оның ішкі логикасын, құрылымын ұғынуды, білімді мән-мағынасымен түсінуді маңызды деп санады. Қазіргі когнитивтік лингводидактикада мағыналық оқыту технологиясы дәл осы ұстанымға негізделген. Білім алушы білім мазмұнын жаңа түрде меңгермей, оны терең түсінуі, жүйелеуі және жаңа жағдайларда қолдана алуы қажет.

Ахмет Байтұрсынұлының «тірі білім» ілімі оқыту үдерісінің барлық кезеңдеріне, атап айтқанда, мақсат қою, мазмұн тандау, әдістерді іріктеу, нәтижені бағалау сияқты оқу үдерісінің компоненттеріне тұтастықта ықпал етеді. Оқытуда «Тірі білім» қағидатын ұстану білім мазмұнының пәнаралық тәсілдерімен, проблемалық оқыту, зерттеу арқылы оқыту, жобалау технологияларымен тығыз байланыста жүзеге асады. Әрбір білім модулі немесе оқу блогы білім алушының өзбетінше әрекет етуін, дербес ойлауын, өмірлік жағдаяттарда алған білімін қолдануын қатамасыз ету керек.

Лингводидактика – тілдік білім берудің заңдылықтарын, принциптері мен әдістерін зерттейтін ғылым саласы. А. Байтұрсынұлының «тірі білім» ілімі тікелей осы ғылымның негізгі мақсаттарымен байланысты, нақты айтқанда, тілдік білім білім алушының коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыруға қызмет етеді. Бүгінгі таңда лингводидактикалық басты талап – білімнің практикалық бағыттылығы. Тіл тек грамматикалық ережелер жүйесі ретінде емес, шынайы қатынас құралы ретінде оқытылуы тиіс. Бұл талап Ахмет Байтұрсынұлының «тірі білім» туралы көзқарасына толық сай келеді. «Тірі білім» қағидаты лингводидактика: а) тілді іс-әрекет арқылы үйрету; ә) коммуникативтік жағдаяттарда қолдану; б) тәжірибелік тапсырмаларды кеңінен енгізу сияқты тәсілдер арқылы жүзеге асады.

Ахмет Байтұрсынұлы «Тіл-құрал» оқулығында грамматиканы жай анықтамалар мен ережелер түрінде емес, мысалдармен, практикалық қолданумен ұштастыра отырып оқытуды ұсынған. Бұл тәсіл қазіргі қатысымдық әдістердің негізін құрайды.

Қазіргі таңда оқыту үдерісінде коммуникативтік әдіс, тұлғалық-бағдарлы оқыту, мазмұн арқылы тілді үйрету (CLIL) сияқты әдістемелік жүйелер кең тараған. Бұлдардың қай қайсысы да тілді өмірлік шынайы контекстерде қолдануды үйретуге бағытталады, басқаша айтқанда тілді «тірі» күйде меңгертудің тәсілдерін қамтиды.

Ахмет Байтұрсынұлы білімнің мазмұндық жағына ғана емес, оны меңгеру жолдарына да – әдістерге де үлкен мән берді. Оның «әдіс білім» ұғымы білім берудің нәтижелелігі әдісті дұрыс таңдауға байланысты екенін айқын көрсетеді. Бұл көзқарас қазіргі әдістеме ғылымында прагматикалық бағыттың ұстанымдарына сәйкес келеді.

Прагматикалық тұрғыдан білім өмірлік жағдаяттарға негізделіп отырып, оқу әрекеті практикалық нәтиже беруге бағытталуы тиіс, сонымен қатар білім алушы үшін білім шынайы ортада қолданылуы тиіс. А. Байтұрсынұлының іліміне сәйкес білім алу – белсенді танымдық әрекет. Бұл үдерісте белсенділікті арттыру үшін оқу материалы өмірлік маңызы болу керек, ал әдістер білім алушының қызығушылығын, дербестігін және шығармашылығын дамытуға бағытталуы шарт. Мәселен, тіл үйрету барысында тек ережені жаттату емес, оқушыны сөйлеуге, жазуға, пікір білдіруге, сұқбат жүргізуге, өз ойын еркін жеткізуге үйрету басты мақсат болу керек. Бұл үшін қазіргі таңда түрлі рөлдік ойындар, пікірсайыс, проблемалық талқылаулар, эссе сияқты белсенді әдістер қолданылады.

«Әдіс білім» «Тірі білімнің» функционалдық жағын қамтамасыз етеді. Басқаша айтқанда, әдіс дұрыс таңдалса ғана білім өміршең болады. Ахмет Байтұрсынұлы әдістің білім алушының табиғатына, жас ерекшелігіне, оқу материалының күрделілігіне сәйкес таңдалуы қажеттілігін ерекше атап көрсетеді.

А. Байтұрсынұлы оқыту үдерісінде мына жайттарға әдістемелік тұрғыдан аса мән беру керек деп санайды: біріншіден, жаңа материалды түсіндіруде практикалық мысалдарға сүйену; екіншіден, білімді қайталау және бекіту барысында белсенді іс-әрекетті қолдану; үшіншіден, қолданбалы тапсырмалар арқылы білімді іс жүзінде нығайту.

Осы ретте ғалым ұсынған «Тірі білім» ілімінің прагматикалық сипаты мына жағдайлардан көрінеді:

– алынған білім күнделікті өмірдегі қандай да бір мәселелерді шешуге көмектесуі тиіс;

– оқу үдерісі оқушының қажеттеліктеріне, сұраныстарына жауап беруі керек;

– әрбір білім жүйесіне енетін элементтер өмірлік тәжірибеге сәйкес келуі шарт.

Қазіргі таңда аталған талап-шарттар оқытудың құзыреттілікке бағытталған әдіс-тәсілдері арқылы жүзеге асады. Бұл Ахмет Байтұрсынұлы ұсынған «Тірі білім» теориясының қазіргі білім берудің түйінді талаптарына толық сәйкес келетіндігін көрсетеді.

Осылайша, білімнің практикалық бағыттылығын күшейту дегеніміз – «тірі білім» идеясының түпкі мақсаты болып шығады. Осы мақсатқа қол жеткізудің мынадай тиімді тетіктеріне талдау жасап көреуге болады.

Кез келген оқыту үдерісінде оқу материалын теориялық тұрғыдан меңгертуден кейін оның практикалық қолдану кезеңін ұйымдастыру керек. Ахмет Байтұрсынұлы өз оқулықтарында әрбір грамматикалық ережеден соң мысал келтіріп, сол мысалдарға негізделген тапсырмалар ұсынып отырған.

Ағартушының бұл әдістемесі заманауи білім беру жүйесіндегі кейс-стади (жағдаяттық тапсырмалар) әдісі, практикалық тренингтер, жобалық жұмыс сияқты әдістерде анық көрініс табады. Сондай-ақ жоғары білім беру жүйесінде студент тек тыңдаушы емес, белсенді орындаушы, іс-әрекет иесі ретінде алға шығады. Әр сабақтағы студенттің сыни, аналитикалық ойлау дағдылары арқылы көрінетін іс-әрекеттері «тірі білімнің» басты талаптарына сай келеді. Айталық, түрлі пікірталастық дебаттар ұйымдастыру, өмірден алынған жағдаяттардың шешімін табу, рөлдік ойындар өткізу. Осылайша, А. Байтұрсынұлы білім алушыны дербес ізденуге, тәжірибе жасауға ынталандырудың маңызын айтады. Бүгінгі таңда бұл талап оқыту үдерісінде ғылыми жобалар, шағын зерттеу жұмыстарын жүргізу арқылы орындалады.

Ахмет Байтұрсынұлының аталған ілімдері білім берудің қазіргі тұжырымдамаларында талап етілетін заманауи оқыту технологияларымен үндеседі. Олардың бірнешеуіне мысал келтіруге болады:

1. Модульдік оқыту технологиясы бойынша білім мазмұны бірнеше шағын практикалық блоктарға бөлінеді және әр модуль аяқталған соң, «тірі білім» теориясына сәйкес студент нақты бір әрекет түрін меңгереді.

2. Ақпараттық-коммуникациялық технологияларға негізделген сандық платформалар мен электрондық ресурстар білімнің өміршендігін арттырады. Мәселен, онлайн тренажерлар арқылы грамматикалық дағдыларды бекіту, виртуалды зертханаларда тілдік тәжірибе жүргізу және т.б. Осындай А. Байтұрсынұлы көздеген өміршен білім қазір ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың аясында күшейіп отыр.

3. Қатысымдық технологиялар аспектісінде қарастырсақ, оқу үдерісінде тілдік қатынасқа басымдық беру – «тірі білімнің» басты шарты. Қатысымдық технология бойынша студент білімді тілдік қатынас түрлеріне негізделген шынайы жағдаяттарда қолданады, сұхбат құрады, пікірталасқа түседі, кәсіби мақсаттағы мәтіндермен жұмыс істейді.

«Тірі білім» ілімі қазіргі білім берудегі тағы бір маңызды тренд – білім алушының тұлғалық дамуына бағыттап оқытудың әдістемелік-прагматикалық мүмкіндіктерімен сәйкес келеді. Ахмет Байтұрсынұлы білімді адамның жан-жақты дамуының ең басты факторы ретінде қарастыра отырып, білім алушының зияткерлік қабілеттерімен қатар, әлеуметтік, эмоционалдық дағдыларын да қалыптастырудың қажеттігін атайды. Бұл идея заманауи педагогика ғылымында эмоционалдық интеллектіні дамыту – soft skills қалыптастыру арқылы жүзеге асырылып келеді.

Оқытудың қазіргі жағдайында «тірі білім» ілімін оқу үдерісіне енгізудің тағы бір тармағы – оқу ортасын өзгерту. Дәстүрлі тұрғыдан статикалық сыныптық құрылымды динамикалық, икемделген, коммуникативтік әрекетке бейімделген білім беру ортасына айналдыру маңызды. Осы мақсатта оқу кеңістіктерін білім алушылардың дербес оқу траекториясын қалыптастыруға мүмкіндік беретін платформаларға бейімдеудің әдістемелік тетіктерін ойластырған жөн.

«Тірі білім» теориясындағы тағы бір маңызды ерекшелік – А. Байтұрсынұлы ілімінің тілді оқытудың қазіргі басым бағыттармен байланысы. Бұл тілді меңгертудің заманауи теорияларымен де үндеседі, әсіресе, құзыреттілікке бағытталған оқытуда,

практикалық нәтижеге бағдарлап оқыту, білім алушының жеке тәжірибесіне сүйене оқыту, тілдік және мәдениетаралық құзыреттіліктерді дамыта оқыту сияқты бағыттардан байқалады.

«Тірі білім» теориясын қазіргі оқыту жүйесіне интеграциялардың мүмкіндіктері өте көп. Солардың қатарында білім мазмұнын өмірмен байланыстыруды айрықша атауға болады. Оқу бағдарламаларының немесе жоғары оқу орындарындағы білім бағдарламаларының қай қайсында болмасын, білім мазмұны өмірлік дағдылармен ұштастырылуы тиіс. Теориялық білімді меңгерту отырып, сол білімге негізделген әлеуметтік қатынастарды дамытуға, кәсіби тілдік дағдыларды қалыптастыруға, шынайы жағдаяттарды тілді қолдануға баса назар аударылуы тиіс.

Қазіргі ақпараттық кезеңде, технологиялық мүмкіндіктердің ауқымы ұлғайған тұста қажетті ақпаратты таңдай алу, білімнің мағынасын түсіну және өмір бойы білім алу аса қажет. Осы тұрғыдан «тірі білім» алған білімді үнемі жаңғыртып, құбылмалы өмір жағдайына бейімдей алатын тірі үдеріс деп танылады. Білімнің өміршеңдігі немесе жандылығы ХХІ ғасырдағы әрбір адамға қажет ең басты қасиеттердің бірі. Бұл білім беру жүйесіндегі «өмір бойы оқу», «үздіксіз білім беру» (lifelong learning) тұжырымдамасымен үндеседі.

«Тірі білімге» сәйкес әр сабақтың құрылымын жоспарлауда теория мен практиканы байланыстыратын әдістемелік тетіктерді ойластырған жөн, айталық, топтық жұмыс, жағдаяттық тапсырмалар, шығармашылық жобалар, тақырыппен байланысты шынайы өмірлік проблемалардың шешімін табу. Бұл мүмкіндіктер «әдіс білімнің» қағидаттарына сәйкес білім алушының белсенділігін, өзбетінше, сыни және аналитикалық ойлауын, іс-әрекеттік құзыреттіліктерін дамытуға ықпал етеді.

Қорыта келгенде, білім берудің жаңа парадигмасында басшылыққа алынатын талаптар Ахмет Байтұрсынұлы негіздеген «тірі білім» тұжырымының міндеттерінде қамтылған. Қазақстанның жаңартылған білім беру мазмұнында «білім алушылардың меңгерген мәлімет көлемінен гөрі, оны практикада қолдану дағдыларын дамытуға басымдық беріледі» деп көрсетілген. Демек, білімді дайын күйінде ұсыну емес, функционалдық сауаттылықтың іргетасын қалайтын білімді меңгерту маңызды. Бұл ұлттың ағартушысы болған Ахмет айтқан «мәніс білім» мен «әдіс білімнің» бірлігін қамтамасыз етеді.

Ахмет Байтұрсынұлының «тірі білім», «пайдалы білім», «әдіс білім», «мәніс білім» ғылыми тұжырымдары – қазіргі білім жүйесінің негізгі талаптарын өткен ғасырда-ақ жүйелеген көзқарастар. Ахмет Байтұрсынұлы – қазақ ғылымының және ағарту ісінің көшбасшысы. Оның білім беру туралы көзқарастары бүгінгі білім теориясында өз маңызын жойған жоқ және жаңаша сипаттағы өзектілігі арта түсті. Ахмет Байтұрсынұлының идеялары қазіргі білім берудің лингводидактикалық және әдістемелік-прагматикалық аспектілерін жетілдіруде, нақтырақ айтқанда, білімнің функционалдық қызметін күшейтуге, оның өміршеңдігін арттыруда, оқу үдерісін шынайы коммуникативтік және практикалық әрекетпен байланыстыруда жүзеге асырылатын әдістемелік іс-шаралардың тұжырымдамалық өзегіне айналды. Осылайша, қазақтың ұлы ағартушысы, тұтастай ұлтқа ұстаздық еткен Ахмет Байтұрсынұлының осыдан жүз жыл бұрын ұсынған «Тірі білім» деп аталатын білім беру қағидаты болашақ білімнің бағдаршамы болатыны сөзсіз. Өйткені білімді «тірілту» – бүгінгі ұлттық білім беру жүйесінің басты міндеті.

Мақала ЖТН АР19676778 «Ахмет Байтұрсынұлының "Тірі білім" теориясы: тілді оқытудың концептуалдық бағыты» атты гранттық жоба аясында әзірленді.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

Байтұрсынұлы, А. (2013). Алты томдық шығармалар жинағы. 3-том. Алматы. «Ел-шежіре».

- Байтұрсынұлы, А. (2013). Баулу мектебі. Алты томдық шығармалар жинағы. 3-том. Алматы. «Ел-шежіре».
- Дәулетбекова, Ж.Т., Рай, Қ.М., Набидуллин, А.С., Алдашева, К.С. (2024). А. Байтұрсынұлының «тірі білім» теориясы мен Әл-Фараби және Абай ілімдерінің сабақтастығы: қазақ тілін оқыту әдістемесі. ҚазҰУ Хабаршысы. Педагогика сериясы. №2(79), Б. 180-190.
- Қазақстан Республикасында орта білім беру мазмұнын жаңарту шеңберінде педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курстарының білім беру бағдарламалары. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 15 қаңтардағы № 32 бұйрығы. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1600013182>

